

**Әкімдіктің 2012 жылғы 11 қаңтардағы № 42 "Қарабалық ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 наурыздағы № 116 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 16 наурызда № 9-12-181 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 41 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 18.03.2016 № 41 қаулысымен (алғаш қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "Қарабалық ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2012 жылғы 11 қаңтардағы № 42 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-175 тіркелген, 2012 жылғы 26 қаңтарда "Айна" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұйымдардың тізбесінде, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері:

реттік нөмірі 1-жолы жаңа редакцияда жазылсын:

|   |   |                                     |   |       |                                  |  |
|---|---|-------------------------------------|---|-------|----------------------------------|--|
| " | 1 | "Қарабалық кенті әкімінің аппараты" | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін, аумақты жинауда және абаттанды- | 39744 | Ең төменгі жалақының 1,5 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бірі қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен |
|---|---|-------------------------------------|---|-------|----------------------------------|--|

|  |                         |                 |       |  |   |                       |
|--|-------------------------|-----------------|-------|--|---|-----------------------|
|  | мемлекеттік<br>мекемесі | руда<br>көрсету | көмек |  | қарастырылған<br>шектеулерді<br>алып, аптасына<br>сағаттан<br>емес. | есепке<br>40<br>артық |
|--|-------------------------|-----------------|-------|--|---|-----------------------|

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
М.А.Исенбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарабалық ауданының әкімі*

*Ф. Филиппов*